Жеті модульдердің барлығында қарастырылатын идеяларды оқыту мен оқудың жаңа тәсілдері ретінде «Диалог арқылы оқыту» бойынша сыныптағы диалогтік зерттеушілік әңгіме барысында ортақ проблема болады, бұл мәселе бойынша оқушылар бірлескен түсінік қалыптастырады; идеялармен пікір алмасып, бірбірінің идеяларын талқылайды, баға береді; ұжымдық білім мен түсінікті қалыптастырады, бірге ойланады. Мұғалім оқушылардың метатанымдық қабілеттерін, яғни ойлау мен танымдық қабілеттерін ескере отырып, оқушыларды қалай оқу керектігіне үйретеді.

Сонымен қатар, сабақ барысында сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады, себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда сабақ берудің тиімді құралына айналады және де оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсарту және кеңейте алады. Оқытуды диалогтік тәсілмен дамытудағы сұрақтардың маңызын қарастыратын болсақ, сұрақ қою арқылы мұғалім:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
- оқушылардың шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;
- білімге құштарлықты дамытады және зерттеуге ынталандырады;
- оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына ықпал етеді;
- оқытудағы қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды [5].

Оқушылар оқу үдерісінің барлық аспектілеріне белсенді қатысқан жағдайда олар өзінің болжамдары мен сұрақтарын тұжырымдайды, бір-біріне кеңес береді, өз алдына мақсат қояды, алынған нәтижелерді қадағалайды, идеялармен эксперимент жасайды және қателер – оқудың ажырамас бөлігі екенін түсіне отырып, тәуекелге барады.. Осының нәтижесінде оқушылардың алған білімдерін өмірлік жағдайларда қолдана білу машықтары, оқу пәнімен байланысты емес мәселелерді шеше білу құзіреттіліктері дамиды. Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін. Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейілділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді [5].

Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауының негізгі ерекшеліктері:

– Ұтымдылық: ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу; үзілді-кесілді жауаптарды іздеудің орнына сұрақ қою; дәлелдерді талап етіп, кез келген дәлелді есепке алып отыру; эмоцияға емес, себепке негізделу (бірақ төменде айтылатын өзіндік сана-сезімге қатысты эмоция да болуы ықтимал).

– Сыңаржақтылықтың болмауы: барлық қорытындыларды бағалау; болжамды көзқарастар мен мүмкіндіктердің барлығын қарастыру; баламалы интерпретацияларға ашық болуға ұмтылу.

– Пайым: дәлелдердің деңгейі мен маңызын мойындау; балама жорамалдар мен мүмкіндіктердің орынды екендігін немесе артықшылығын мойындау.

– Тәртіп: тиянақты, нақты және жан-жақты болу (барлық дәлелдерді есепке алып, барлық көзқарастарға көңіл бөлу).

– Өзіндік сана-сезім: өзіміздің эмоциямыз бен көзқарасымыздың, сеніміміз бен болжамдарымыздың субъективті екенін сезіну [5].

Мұғалімдер білім беру бағдарламасы мен оқыту үдерісін түсіну үшін қажетті теориялық базаны, қорытынды мен тұжырымдарды қалыптастырудың тиісті әдістері мен технологияларын қолдану арқылы балалардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға жағдай туғызады.

Халықаралық TIMSS зерттеуінде жаратылыстану құзыреттілігінің ойлау деңгейі бойынша нысандардың арасындағы тәуелділікке анализ жасау; қорытындылау, әр түрлі шешу жолдарын синтездеу; дұрыс/бұрыс айтылғандарды дәлелдеу; стандартты емес тапсырмаларды орындау

қабілеттері бағаланады [4]. Осыған орай, мұғалім оқу мен оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін сыныптағы «білім ортасын» онтайлы ұйымдастыруда қолдана отырып, проблемалық жағдаятты шешуде қажетті оқушылардың қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмаларды дайындау машықтарын үнемі жетілдіріп отыру қажет.

Жалпы білім беретін мектептің 5-11 сыныптарына арналған «Жаратылыстану» білім саласы пәндерінің оқу бағдарламаларында ғылыми-жаратылыстану сауаттылық бойынша оқушылардың дайындық деңгейін бағалау үш аспектіні: пәндік нәтижелерді, тұлғалық нәтижелерді, жүйелі-әрекеттік нәтижелерді есепке ала отырып жүргізіледі [6]. Сол аспектілердің бірі тұлғалық нәтижелер бойынша оқушылар:

- өзіндік қалыптасуында танымдық қызығушылық, шығармашылық қабілеті, сын тұрғысына ойлау, табиғатты тану мүмкіндіктеріне сенімділік, адамзат қоғамын келешекте дамыту үшін ғылым мен техника жетістігін қажеттілігіне қарай орынды қолданады;

- адамдардың қолданбалы сипаттағы практикалық міндеттерді шешеді;

- талдау синтез жасау, бақылау, салыстыру, себеп-салдарлық байланысты анықтайды;

- тәжірибе жүргізу, сипаттау сияқты танымның негізгі әдістерін ғылыми меңгеру және оларды қолдана алады.

Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер: сабақтың мақсатын анықтау, оқыту технологиясын құрылымдау мен мазмұнын таңдауда, сонымен қатар МЖМББС-2012 бойынша оқушылардың дайындық деңгейінің талаптарына сәйкес кері байланысты жүзеге асыруда білім, біліктілікті меңгеруде мұғалімдер жүйелі әрекет етуге ұмтылады.

Оқушылардың жаратылыстану құзыреттілігін дамыту үшін білім беру мазмұнын жаңғырту жағдайында мұғалім ғылыми-жаратылыстану сауаттылық бойынша жұмысты үйлестіре отырып, білім берудің тұлғаға бағдарлануын қамтамасыз етеді. Жаратылыстану курсының оқытудың мақсаты оқушылардың бойында ғылыми-жаратылыстану білімдерін, түсініктерін және саналы қоғамдастығы бар бірегей ғаламшар ретіндегі Жер туралы біртұтас көзқарастарын, табиғат пен қоғамның өзара жүйелі байланысын, жүйелі-кешенді ойлау мен функционалдық сауаттылықтарын дамытуды қалыптастыру болып табылады. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін оқушылардың дайындық деңгейін бағалау аспектілерінде оқушының функционалдық сауаттылығына негіздеп құру тиімді болады. Сонымен қатар, мұғалім өз тәжірибесінде сындарлы оқудың тәсілдердің тиімді қолдана отырып, оқушыларды қалай оқу керектігіне үйреткен жағдайда оқушылардың жаратылыстану құзыреттілігінің деңгейлері арта түспек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]. Қолжетімді коды <http://adilet.zan.kz>.

2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары // Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі [Электрондық ресурс]. Қолжетімді коды <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1200000832>

3. PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 40 б.

4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы мектеп және отбасының өзара іс-әрекетінің мазмұны мен түрлері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 38 б.

5. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы // Мұғалімге арналған нұсқаулық. – Астана, 2012. 306 с.

6. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы 5-9 сыныптарға арналған «Жаратылыстану» білім саласы пәндерінің оқу бағдарламалары. – Астана, 2013. – 62 б. (ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірде №115 бұйрығымен бекітілген).

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕЗДЕСУЛЕР

Ағымдағы жылдың қазан айында «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ біздің өңірдің музыка пәні мұғалімдеріне семинар топтамасын ұйымдастырды. Аталмыш семинардың ортақ мақсаты – ең үздік кәсіби тәжірибені тарату және жинақтау.

Мамандандырылған №7 мектеп-интернаты базасында ұйымдастырылған семинар танымал тұлғалармен кездесу түрінде өтті. Музыка пәнінің мұғалімі Ж.К. Кулжанов жас жеткіншек тыңдармандар мен әріптестерге айтыс мәдениетінің ерекшеліктерін ашты. Кездесуге шақырылған орындаушылар халық ауыз әдебиетінің осы жанрындағы әуенді шығармашылықпен орындап, өздерінің сахнадағы суырып салма шеберліктерін көрсетті.

Вокалды жанрмен танысу жалпы білім беретін №77 мектеп-балабақша кешенінде жалғастырылды. ҚР мәдениет қызметкері, «Жыл композиторы» атағының иегері К.Ж. Мерсалимовтың, яғни композитордың вокалды шығармашылығы және жеке орындаушылардың орындауындағы шығармалар тыңдармандардың жүрегінен селт еткізді.

Топар кентіндегі Балалар өнер мектебіндегі семинар финалдық аккорд болды. Музыка пәні мұғалімдері аталған ұйымның шығармашылық жұмысымен танысып қана қоймай, негізгі білім мен қосымша білімнің кіріктірілген мүмкіндіктерін тани алды.

Кәсіби еңбектің музыкалық өнерді дамыту мен таратудағы мүмкіндіктеріне әсер етіп, түсіністік танытқаны үшін семинар қатысушылары Қарағанды БАИ-ның педагогикалық қызметкерлеріне шынайы алғыстарын білдірді.

ТВОРЧЕСКИЕ ВСТРЕЧИ

В октябре текущего года филиал АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области организовал серию семинаров для учителей музыки нашего региона. Объединяющая цель данных семинаров – распространение и обобщение лучшего профессионального опыта.

Семинар, организованный на базе специализированной школы-интерната №7, был проведен в форме встречи с интересными людьми. Учитель музыки Ж.К. Кулжанов раскрыл перед юными слушателями и коллегами особенности культуры айтыса. Приглашенные на встречу исполнители этого народного жанра песенного творчества с успехом продемонстрировали со сцены свое импровизационное мастерство.

Знакомство с вокальным жанром было продолжено на семинаре в стенах Общеобразовательного комплекса школа-детский сад №77. Вокальные произведения композитора, работника культуры РК, обладателя звания «Композитор года» К.Ж. Мерсалимова в исполнении солистов и самого автора тронули сердца слушателей.

Финальным аккордом стал семинар на базе Детской школы искусств п.Топар. Учителя музыки не только познакомились с творческой деятельностью данной организации, но и смогли осознать возможности интеграции дополнительного и основного образования.

Участники семинаров были искренне благодарны Карагандинскому ИПК за понимание и возможность взаимодействия с педагогическими работниками, чей профессиональный труд связан с развитием и распространением музыкального искусства.

Б.К.ДИГЕНОВА¹, А.О.ЖУМАНБАЕВА²*Филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»
Институт повышения квалификации педагогических работников
по Акмолинской области, г.Кокшетау**¹digenova@bk.ru, ²Zhumanbaeva68@mail.ru*

ИННОВАЦИОННЫЕ СТРАТЕГИИ РАБОТЫ С ОДАРЕННЫМИ И ТАЛАНТЛИВЫМИ ДЕТЬМИ

Для работы с одаренными и талантливыми детьми учитель должен владеть методами и формами учебной работы с ними. В статье изучаются причины возникновения проблем при обучении детей данной категории. Предлагаются результаты диагностических процедур, которые направлены на изучение природы одаренности и помогают распознать одаренных детей. Рассматривается одна из методик обучения учителей умению в работе создания условий, способствующих реализации потенциальных возможностей одаренности и таланта.

Талантты және дарынды балалармен теориялық білімі жақсы, шығармашылық көзқарасы қалыптасқан, дарынды балалармен тәрбие жұмысының әдістері мен түрлерін меңгерген мұғалім жұмыс жасай алады. Мақалада осы санаттағы балаларда кездесетін кедергілердің себептерін ашу әрекетінің бірі болып табылады. Ұсынылған диагностикалық рәсімдердің нәтижелері оқырмандарға дарындылық табиғатының идеясын тереңдету және дарынды балаларды анықтауға көмектесуі мүмкін.

Teachers can work with talented children, if they have good theoretical knowledge, know methods and types of works with talented children. This article consists of some conclusions and sayings of science leaders. It is one of the attempt to solve the problem of children such category. Here is offered the results of diagnostic process, which help to present the readers about nature, and to recognize the talented children. One of the methods is offered in this work to create the conditions which help to realize the potential possibilities of talented children.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: одаренность, талант, инклюзивный подход, тип интеллекта, законы развития способностей

Для развития Казахстана очень важно обнаружить таланты и способности учащихся и развить их в процессе обучения. Одаренные и талантливые ученики требуют и талантливого учителя. Готовность учителя к работе с одаренными детьми можно считать одним из важнейших условий развития и актуализации потенциала одаренного ученика. В разработанной совместно Центром педагогического мастерства АОО «Назарбаев интеллектуальные школы» и Университетом Кембридж Программе обучения учителей новым методикам и технологиям обучения утверждается идея обучения талантливых и одаренных учеников на основе инклюзивного подхода. Эта идея предполагает установление потребностей учеников, необходимость совершенствования учебных программ, содействующих обогащенному обучению всех учеников и выбор дифференцированной стратегии преподавания и обучения, способствующей удовлетворению потребностей всех учащихся. Задача тренера – способствовать осознанию учителем данной идеи и обучить их новым методикам и технологиям.

Кто же они – одаренные и талантливые дети нашей современности?

По поводу соотношения между понятиями «одаренность» и «талант» существуют разные точки зрения:

Одарённость — наличие потенциально высоких способностей у какого-либо человека.

Талант – определённые способности, которые раскрываются с приобретением навыка и опыта [1].

Сухомлинский В.А. писал: «...Я никогда не оставляю на дополнительные занятия тех детей, которые не хотят учиться. Мне не так важно, чтобы они выучили мне важно, чтобы они развивались» [2]. Способности развиваются только у тех детей, которые любят то, что они делают. Та деятельность, которая детям не нравится, к сожалению способности, не развивает. Дает только знания. Т.е. можно не любя математику выучить все формулы, но при таком подходе математические способности как способы умственной деятельности развиваться не будут. Почему такой закон действует? Возможно, это связано с тем, что некая мозговая система способностей как функциональная система, образуется на фоне высокого положительного отношения к деятельности. Это действует примерно также как, для того чтобы человек насытился нет необходимости, чтобы он много съел, а чтобы поступили сигналы от пищеварительной системы. Чтобы способности развивались, необходимо чтобы поступали сигналы, что эта деятельность нравится. Если вы видите, что ребенок на 99,9 % любит определённое дело, то это и есть его способности. Иначе говоря, все положительные эмоции при выполнении деятельности способствуют тому, что здесь и необходимо искать тип способности. Но на сегодняшний день это является одним из сложных аспектов, вызывающих затруднение у учителей общеобразовательных школ, – вопрос выявления и обучения талантливых и одаренных учеников. Поэтому качественное, глубокое осмысление этого вопроса очень важно для понимания и реализации на практике идей и подходов уровневых Программ.

При обучении учителей по данному модулю Программы повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан третьего (базового) уровня положены ресурсы портала сrm.kz, Руководство для учителя [3; 198], а также специализированная программа «Развития одарённости детей», разработанная в рамках совместного проекта АО НИШ и Центра Талантливой молодёжи Университета Джона Хопкинса (США) [4; 26-28].

Теперь мы хотим ознакомить с нашим видением занятия с учителями по данному вопросу. Занятие начинается с обсуждения вопроса о природе одарённости и взаимосвязи и соотношении категорий «интеллект» и «одарённость». Учителя высказывают своё отношение к этому вопросу. Их мнения, как правило, сводятся к следующим выводам, которые отображаются на постерах:

1. Категории «одарённость» и «талант» многоаспектны, им сложно дать однозначное определение

2. При выяснении того, можно ли назвать ребёнка одарённым или талантливым, прежде всего, нужно обращать внимание на особенности его интеллекта.

3. Категория «интеллект» относится к тем аспектам, которые имеют непосредственное отношение к проявлению одарённости.

Современные учёные выделяют определенные типы таланта, которыми обладают люди, в той или иной степени. В начале 1980-х годов Говард Гарднер определил несколько типов таланта, интеллекта [5]. Слушателям курсов предлагается работа с карточками, созданными на основе классификации типа интеллектов по Гарднеру. Учитывая проявления типов одарённости у детей учителям предоставляется задание.

Задания:

1) Составьте интеллект-карту учеников своего класса, располагая карточки на постере таким образом, чтобы увидеть, как проявляются у учеников типы интеллекта.

В результате выполнения этого задания, как правило, выясняется, что в классе нет учеников, у которых интеллект не проявлен. У некоторых проявляется несколько типов интеллекта. Такой результат вызывает удивление учителей. Так как, по их мнению, талантливых и одаренных детей не так и много. На рисунке 1 приведены результаты сравнительного анализа структуры интеллекта учителя и одного из его учеников (реальный пример, учитель русского языка и литературы).




Рисунок 1. Структуры интеллекта учителя и одного его ученика

2) Работа в группах по 4 человека, созданных по принципу предметной специализации. Задание – разработать рекомендации по стратегии обучения детей, имеющих конкретный тип интеллекта. Выполненное задание оформляется в виде рекомендаций для учителей.

На последующих занятиях полученные рекомендации можно использовать для других вариантов вида работы: провести экспертизу эффективности предлагаемых рекомендаций; сделать дополнение к предложенным рекомендациям.

3) Вариантом работы с карточками более лёгкого типа может быть работа, при которой предлагается в группах найти в интернете биографические описания гениальных людей в детские годы их жизни и составить их характеристику как учащихся с определением типа интеллекта. Затем – сделать выводы, при помощи каких педагогических факторов способности этих людей могли быть так ярко раскрыты.

Такого рода работа даёт широкие возможности для вариаций, в любой форме её реализации позволяет глубоко рассмотреть вопрос природы интеллекта с проекцией на проявление одарённости.

После данной работы учителям необходимо понять, как же работать с талантливыми и одарёнными детьми после выявления их способностей с определением рекомендаций к ним. Предлагаем слушателям рассмотреть основные законы развития способностей (одарённости)

Закон 1. – необходимость биохимического коррелята (выраженных положительных эмоций) для развития любых способностей

Закон 2. – необходимость повышения уровня оптимальной сложности деятельности

Закон 3. – высокий ранг ценности развития (саморазвития) в общей системе ценностей личности [6].

Мы обращаем внимание учителей на организацию работы в классе для одарённых и талантливых учеников. Например, один из вопросов звучит так: «Что необходимо для того чтобы дети могли показать себя учителю?». Учителя говорят чаще всего о дифференцированном подходе, так как он остается важным принципом в процессе планирования. И в этой связи рассматриваем по группам планирование одного урока для наиболее способных учеников в контексте всей группы со смешанными способностями, и естественно он выполняется по-разному. Так как подход зависит от возраста учеников, предмета и учителя. Выделяем модели подхода, используемые различными учителями:

1) ДОЛЖЕН – СЛЕДУЕТ – МОЖЕТ

– Должен (то, что необходимо)

– Следует (желательно для всего класса)

– Может (открытые вопросы)

2) ОСНОВА ПЛЮС СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ

При любом подходе надо помнить, что детям необходимо преодолевать сложность. Детям нравится, когда у них получается что-то сделать. Если деятельность становится легко выполнимой, ученик со временем теряет к ней интерес и не развивается. Потому что нет роста уровня сложности, но вредна и преобладающая сложность. У ребенка теряется вера в себя, когда он не может справиться с той или иной деятельностью. Необходимо, чтобы

интеллектуальная деятельность оптимально повышалась к трудности, которая не выбивала бы из инициативной деятельности, из его желания добиться успеха. Ребенок должен делать усилия, чтобы эту деятельность выполнить. Поэтому интуитивно талантливые учителя всегда видят эту трудность. Ребенка необходимо мотивировать. Необходимо двигаться к зоне ближайшего развития. Многие движутся близко к зоне ближайшего развития, но зачастую она мало развивающая. Есть другой край зоны ближайшего развития, где очень трудно, но преодолимо вместе с взрослым педагогом. Работать, где нет недоступности, но есть высокий труд.

Далее учителям предлагается познакомиться с методом SWOT-анализа. В современных гуманитарных науках, а особенно в педагогике, SWOT-анализ используется как технология, позволяющая дифференцировать факторы и последствия по принципу 4 категорий:

- S — Strengths (сильные стороны, плюсы, преимущества)
- W — Weaknesses (слабые стороны, негативные признаки)
- O — Opportunities (возможности, потенциальные направления)
- T — Threats (угрозы, негативные последствия)

Данная система позволяет оценить любое событие, явление или мероприятие объективно и непредвзято, выявить преимущества и недостатки, обосновать перспективы развития, сформулировать логически верное высказывание, принимая во внимания различные точки зрения. Его можно применять на практике при планировании интеллектуальной задачи: выбор одной характеристики одаренных и талантливых учащихся и разработка задания, которое затем могло бы быть в дальнейшем изменено для удовлетворения потребностей подобной категории учащихся (рис.2).



Рисунок 2. SWOT-матрица

Немного выше мы писали об основных законах развития способностей, а именно одаренности. Так вот для развития детей начального и среднего звена достаточно двух первых законов. Т.е. необходимость биохимического коррелята и (выраженных положительных эмоций) для развития любых способностей и повышения уровня оптимальной сложности деятельности. А когда ребенок достигает уже старшего звена, то включается третий закон – саморазвитие. На данном этапе человек осознает ценность той деятельности, которую выполняет. Он понимает, что с этой деятельностью связана его личность. «Я связываю с этой деятельностью свое будущее», «Я связываю с этой деятельностью свою будущую принадлежность к творческим людям», «Для меня эта деятельность важна, я могу себя показать, могу реализовать». Вот эта особая ценность должна сформироваться к старшим классам.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. [ru.wikipedia.org/wiki/ %D2%E0 %EB%E0%ED%F2](http://ru.wikipedia.org/wiki/%D2%E0%EB%E0%ED%F2)
2. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. – Киев: Радянська школа, 1974. – 288 с.
3. Руководство для тренера. Третий (базовый) уровень. – Астана: АОО «НИШ», 2014. – 126 с.
4. Развитие одарённости детей. Специализированная программа /Разраб. в рамках совместного проекта АОО «НИШ» и Центра талантливой молодёжи Университета Джона Хопкинса (США), 2012. – 28 с.
5. Гарднер Г. Структура ума: теория множественного интеллекта: Пер. с англ. – М.: ООО «И.Д.Вильямс», 2007. – 512 с.
6. Инновационные стратегии работы с одаренными детьми и подростками. Часть 2 / Юркевич В. С. [Электронный ресурс]. Режим доступа <http://www.youtube.com/watch?v=AZwWpyWei3s>

Ү.А. МАЙБАСОВА¹, М.Е. КИСАБЕКОВА²

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы
Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты, Қарағанды қ.
¹maibasova.u@orleu-edu.kz, ²baurjan45@mail.ru

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ DAҒДЫЛАРЫН ДАМУ КОНТЕКСТІНДЕ «ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» ПӘНІН ОҚЫТУ

Мақалада жаңартылған Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім берудің стандартына сәйкес, төменгі сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын дамыту аясында «Жаратылыстану» пәнінің мазмұны қарастырылған. Бастауыш мектепте «Жаратылыстану» пәнінен оқу бағдарламасындағы зерттеу, коммуникативтік дағдылары мен біліктіліктерін қалыптастыру бағыттары келтірілген. Бастауыш сынып оқушыларының дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері көрсетілген.

В статье рассматривается содержание нового предмета «Естествознание» в контексте развития исследовательских навыков младших школьников, согласно обновленного Государственного общеобязательного стандарта начального образования и основные направления формирования исследовательских, коммуникативных навыков. Представлены образцы заданий, направленных на развитие указанных навыков. Отражено содержание предмета, представленное в обновленной учебной программе «Естествознание».

In this article the maintenance of the new subject «Natural sciences» in the context of development of research skills of younger school students, according to the updated State obligatory standard of primary education is considered. The directions of formation of bases of the research, communicative skills and knowledge considered in an educational program of the subject "Natural sciences" are presented. The types of tasks promoting development of skills of pupils of initial classes are considered. The maintenance of the subject "Natural sciences" presented in the updated training program is reflected.

ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР: жаңартылған оқу бағдарламасы, «Жаратылыстану» пәнінің мазмұны, зерттеу, коммуникативтік дағдылар, кең ауқымды дағдылар

Бастауыш білім беру мазмұны ұзақ уақыт баланы тыңдау, қайталау, еліктеу арқылы оқытуға бағытталған десек артық емес. Талдау мен синтездеу, эксперименттерге негізделген түрлі көзқарастарды өздігінен іздеу арқылы ақиқатты тану баланың бойындағы шығармашылық не дарындылық деп танылды. Алайда, жаңа заман жаңа міндеттер белгілейді. Яғни, бүгінгі білім саясатының өзекті мәселелері – біліммен қамтамасыз етудің ғылыми әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның рөлін арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу. Ал ол қоғамдағы білім беру талаптарын түбегейлі өзгертуге алып келді. Білім беру саласындағы табыстың басты өлшем – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Осы орайда, жаңартылған білім беру мазмұнының басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны ерте буыннан дайындау. Ғылымның жедел түрде дамуы, техникалық прогресс,

қазіргі заман талабы төменгі сынып оқушыларының жан-жақты терең ойлау қабілеттіктерін арттырып отыр. Бұл бағыттағы ықпалды қадамдардың бірі білім беру жүйесінде зерттеу әдістерін белсенді қолданып, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру үшін зерттеу-ізденушілік жұмыстарды бастауыш сыныптан жүзеге асыру.

Зерттеу ұғымын А.И.Савенков «Методика исследовательского обучения младших школьников» атты кітабында келесі анықтамада ұсынды: «зерттеу – бұл танымдық іс-ірекеттің бір түрі, жаңа білімді, белгісізді іздеу бағытындағы шығармашылық үрдіс» [1]. Психологтардың пайымдауынша, бала – табиғатынан зерттеуші, оның зертеу, іздену белсенділігі, ғылымға деген қызығушылығы жаратылысында бар. Қоршаған әлем туралы түсінігі ерте бастан, олардың ғылымды оқыған-оқымағанына қарамастан қалыптаса береді. Олардың ашқан жаңалықтарына ғылыми тәсіл араласпаса және енгізілмесе, оларда қалыптасатын түсініктердің көбі ғылыми болмауы мүмкін, бұл олардың әрі қарайғы оқуында оларға кедергі келтіруі мүмкін. Бұған қоса, зерттеулер ғылымға деген қызығушылық пен көзқарастың ерте жастан – басқа мектеп пәндеріне қарағанда ертерек – 14 жасқа біршама жетпей жатып, ал көпшілік балаларда – 11 жасқа дейін қалыптасатынын көрсетеді. Осылайша, балаларға ғылыми қызмет тәжірибесі, яғни зерттеу дағдыларын дамыту сол қызығушылықтары қалыптасып жатқан уақытта қажет. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) мәлімдеуінше, «ғылымға, технологияға және математикаға деген қызығушылық шын мәнісінде білім берудің бірінші және екінші деңгейлерінде дамиды..., ерте жаста қалдырылып кеткен олқылықтардың орнын толтыру өте қиын» [2].

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, көптеген елдерде (Сингапур, АҚШ, Германия, Финляндия, Англия және басқалары) бастауыш мектепте «Ғылым» деген жеке пән оқытылады. 1983 жылы ЮНЕСКО ұйымы бүкіл әлем бойынша, бастауыш мектептегі ғылыми білім беруді жақсартуға қатысты жұмысын бастады. Келесі дәлелдер бастауыш мектепте ғылымды оқып-үйренудің дәйектемесі болды: ғылым негіздерін білу балалардың күнделікті оқиғалар жайлы логикалық жағынан ойлануға, осылайша қарапайым проблемаларды шешуге көмектесе алады. Балалар, ғылым деген адамдардың өмір сүру сапасын жақсартатын әлеуметтік пайдалы қызмет екенін білуі тиіс. Әлем дамыған сайын ғылыми және технологиялық жағынан бағдарлы бола түскен сайын, оқушылардың оған дайын болғаны және өздерін табысты көрсете білгені маңызды. Ирландия үкіметіне ұсыныстар беруші Ғылым, Технология және Инновациялар жөніндегі Ирландия кеңесі орта мерзімдік және ұзақ мерзімдік ғылым, технология және инновация мәселелеріне қатысты «Бастауыш мектептегі ғылым» деген өзінің есебінде (1998) былай деп жазады: «Ғылым мен технология саласындағы үлкен сенімділік қоғамдағы технологиялық инновациялар үшін маңызды шарт болып табылады. Ғылыми білімі бар адамдар санының көп болуы 21-ші ғасырда өз азаматтарын асырауға қабілетті экономиканың дамуына қажетті шарт болып табылады». Аталған Кеңестің баяндамасына сәйкес, бастауыш мектептегі білім беру бағдарламасын қайта қарау елдің білім беру жүйесі үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін де аса жоғары маңызға ие. Бастауыш мектеп қандай да бір мәдениет үшін маңызды білімдер мен құндылықтарды сіңіреді. Осы деңгейдегі оқудың мазмұны, әдістері және практикасы адамдардың әрі қарайғы өмірі бойында дамуы үшін шешуші мәнге ие болуы мүмкін. Білім мен ақпарат, экономика мен қоғамда барған сайын маңызды рөл ойнай бастағандықтан, бүкіл ғұмыр бойы оқу ортақ қажеттілікке айналып отыр, бастауыш мектептің рөлі одан сайын маңызды бола түсуде [3].

Әлемдегі бұл тәжірибені қолдануға бағыт алып, қазақстандық білім беру жүйесі жаңа мазмұнға бет алды. Елімізде білім беру жүйесін жаңарту бағытында көптеген іс-шаралар жүргізілуде. Бұл бізге не береді? Мысалы, қолданыстағы білім мазмұны «мектепте нені үйретеді?» деген сұрақ аясында болып, оқушының теориялық біліміне, яғни бала біледі және түсінеді дегенге бағытталған болса, ал жаңартылған білім мазмұны «мектепте не үшін оқу керек?» деген сұраққа жауап беретін болады. Бұл білім мазмұны күтілетін нәтижеге және оқушының бойындағы түрлі дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Бастауыш білім берудің мемлекеттің жалпыға міндетті жаңа стандартында «Дүниетану» пәнінің мазмұны жаңартылып, «Жаратылыстану» дербес пәні енгізілді. ол негізгі және жоғары мектептерде ғылыми-жаратылыстық цикл пәндерін: физиканы, химияны және биологияны, ал «Дүниетану» пәні «Тарих» және «География» сияқты пәндерді оқып-үйрену үшін негіз болып табылады.

Қолданыстағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша «Дүниетану» пәні гуманитарлық және жаратылыстық ғылымдардың негіздерін қамтиды, ал 5-ші сыныпта «Жаратылыстану» пәні оқылады. Алайда, бір жылдың ішінде материалдың осыншалықты үлкен көлемін меңгеріп шығу өте қиын және дағдыларды дамыту мүмкін емес. «Жаратылыстану» пәнінің бағдарламасы білімдер мен дағдыларды 6 жыл бойы біртіндеп және үйлесімді түрде қалыптастыруды көздейді. Бағдарлама оқушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескере отырып, халықаралық білім беру стандарттарына сәйкес әзірленді.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті жаңа стандартында «Жаратылыстану» пәнінің мазмұны «Адам – Табиғат» жүйесі шеңберіндегі ғылыми білімнің қарапайым деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл оқу пәні білім алушылардың табиғатты тануға деген қызығушылығын, зерттеу дағдыларын дамытуға, қоршаған ортаны ғылыми тұрғыдан түсініп, көре білуді қалыптастыруға бағытталған. «Жаратылыстану» оқу пәні – білім берудің кейінгі деңгейлерінде дербес пән ретінде оқылатын ғылыми-жаратылыстану пәндерін оқып-меңгеруге жол бастайтын, сондай-ақ, білімнің барлық салаларында маңызды орын алатын зерттеу дағдыларының іргетасын қалайды [4].

«Жаратылыстану» пәні зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған:

- гипотеза құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперименталды берілулер негізінде қорытынды жасау;
- мәселені анықтау, сұрақтарды дұрыс алу, зерттеу жұмысының жоспарын құру, бақылау, эксперимент жүргізу, зерттеу жұмысының нәтижесін бағалау және сипаттау, пайымдау, қорытынды шығару;
- ғаламтор ресурстарындағы, ғылыми-көпшілік әдебиеттердегі жаратылыстану бағытындағы ақпараттармен жұмыс: іздеу әдістерін игеру, ақпараттың мағыналық негізін айрықшалау және ақпараттың растығын бағалау;
- өлі және тірі табиғаттағы үрдістердің сипатын, экожүйе компоненттерінің өзара байланысын, адам әрекетінің қоршаған ортаға қалай ықпал ететінін ашуға көмектесетін қарапайым эксперименттер мен бақылаулар жүргізу;
- өзіндік қарапайым зерттеулер қорытындыларын түрлі формада ұсыну;
- жаратылыстану ғылымы бағытындағы маңызды жетістіктердің қолданбалы мәнін түсіндіру [2].

Пәнді оқытудағы ерекшелігі, мазмұны оқу бөлімдері бойынша спиральді ұйымдастырылған. Оқу бөлімдері әрі қарай жинақталған білім, түсінік және дағдыларды қалыптастыру мақсаттарын көздейтін бөлімшелерден тұрады (кесте 1). Әр бөлімше ішінде дәйектілікпен ұйымдастырылған оқу мақсаттары мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және оқушылар жетістігін бағалауға, сондай-ақ, оларды оқудың келесі кезеңдері жөнінде ақпараттандыруға мүмкіндік береді.

Кесте 1 – «Жаратылыстану» пәнінің мазмұны

Бөлімдер	Бөлімшелер
Мен – зерттеушімін	1.1 Ғылым мен зерттеушілердің рөлі
	1.2 Табиғатты тану әдістері
Тірі табиғат	2.1 Өсімдіктер
	2.2 Жануарлар
	2.3 Адам
Заттар және олардың қасиеттері	3.1 Заттардың типтері
	3.2 Ауа
	3.3 Су
	3.4 Табиғат ресурстары
Жер және Ғарыш	4.1 Жер
	4.2 Ғарыш
	4.3 Кеңістік және уақыт

Табиғат физикасы	5.1 Күштер және қозғалыс
	5.2 Жарық
	5.3 Дыбыс
	5.4 Жылу
	5.5 Электрлік
	5.6 Магниттілік

Пән бағдарламасы бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын дамыту барысында келесі мақсаттарға қол жеткізуді көздейді:

– әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан қалыптасқан бейнесі мен жаратылыстану ғылымдарының әдістері туралы білім негіздерін қалыптастыру; жаратылыстанудың техника мен технология дамуына елеулі ықпал еткен маңызды идеяларымен, жетістіктерімен таныстыру;

– қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру, БАҚ, интернет ресурстары, арнайы және ғылыми-көпшілік әдебиеттерден алынған жаратылыстану ғылымы тұрғысынан және өмірлік маңызды мазмұны бар ақпаратты қабылдау біліктіліктеріне ие болу;

– зияткерлік, шығармашылық қабілеттерді, сын тұрғысынан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану ғылымдық ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамыту;

– табиғат заңдарын тану және жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін өркениеттің дамуы мен өмір сапасын жақсарту үшін пайдалану мүмкіндігіне сенімділікті тәрбиелеу;

– күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану [5].

«Жаратылыстану» пәнін оқытудағы келесі мақсаттарының бірі – түрлі көпшілікте тиімді қарым-қатынас жасауға қабілетті әлеуметтенген тұлғаны, яғни азаматты тәрбиелеу. Яғни, оқушылардың зерттеу дағдаларын дамыту үшін қарым-қатынас түрлі формада бағаланып, ынталандыратын және оқушылар өз пікірін сенімді түрде білдіре алатын ортаны құра отырып, қарым-қатынас дағдыларын дамытуы қажет. Оқыту үрдісінде оқушылардың түрлі ақпарат құралдарын, «Жаратылыстану» пәнінің ғылыми лексикасын сауатты қолдана отырып, өз сыныптастарымен, мұғалімдермен және одан да кең көпшілікпен танытқан қарым-қатынасын көтермелеп ынталандыру қажет. Жаңартылған оқу бағдарламасында «Жаратылыстану» пәнін оқыту үдерісінде оқушылардың дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері келтірілген (кесте 2).

Кесте 2 – Оқушылардың дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырмалар үлгілері

Дағдылар	Тапсырма үлгілері
Тыңдалым және айтылым	– белгілі бір бағытта алдын ала құрастырылған сұрақтарды қолданып мамандармен сұхбат жүргізу, мысалы, тіс гигиенасы туралы стоматолог дәрігермен әңгіме және оның жауабын ауызша әңгімелеу; – экскурсия бойынша әңгімелесу (мысалы, саябаққа барып келгеннен кейін оқушылардың бақылаулары туралы пікір алмасу); – тапсырмаларды бөлу және өзара оқу (мысалы, өсімдікке маусымдық өзгерістердің ықпалы туралы тақырыпты зерттеу барысында, топтар арасында өсімдікке әрбір жыл мезгілінің ықпалдарын сипаттау тапсырмасын бөліп беру); – белгілі тақырып бойынша туындаған сұрақтарды талқылау, бір-бірінің пікірін тыңдау және ойын айту.
Оқылым	– жазбаша ақпарат көздерімен жұмыс: анықтамалар, энциклопедиялар, көрнекі және терминологиялық сөздіктер, ғылыми-танымдық журналдар, мерзімді әдебиеттер; – галамтор ресурстарымен жұмыс, мысалы, зерттелініп отырған тақырыпты қайта қарастыруда – ғылыми көзқарасты кеңейту, белгілі тақырып бойынша презентация әзірлеу және таныстыру.

Жазылым	-зерттеу (бақылау, көрсету және тәжірибелер) барысында жазба жүргізу; -ақпаратты сурет, схема, кесте, түрінде ұсыну; -зерттеу жұмысы бойынша есеп әзірлеу.
---------	---

«Жаратылыстану» пәнін оқыту үдерісін ұйымдастыруға қойылатын талаптарда бастауыш сыныптары кабинеттеріндегі жиһаздардың орналасуы еркін қозғалуға, ойын, эксперименттер өткізуге, оқушылар жұмыстарының көрмесі мен ресурстарға жеткілікті кеңістік, орын болуын қамтамасыз етуге тиісті. Алайда, пәнді оқыту үшін мамандандырылған зертхананың болуы міндетті емес, мүмкіндік болған жағдайда биология, физика және химия кабинеттері ресурстарын қолдану ұсынылады. Бұл өз алдына бастауыш сынып оқушыларының өздігінен ізденіп, зерттеушілік іс-әрекетке бағыттайды. Бағдарлама мазмұнының ерекшелігі, төменгі сынып пәнді оқытуда оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту барысында мұғалімге әдістемелік қолдау ретінде педагогикалық тәсілдер ұсынылған:

- сенімді қатынас пен әріптестік үшін жағдай жасау;
- ғылыми проблемалардың шешімін табу үшін басқалармен бірге және өздігінен іздеу әдістерін қолдану және жоспарлау;
- оқушылардың жеке мүмкіндіктерін есепке алып, дифференциалық тапсырмалар құру;
- ғылыми сұрақтарды зерттеу үшін жеке және топтық жұмыс ұйымдастыру;
- топ жетістікке жетуі үшін әр оқушы түрлі рөлде жұмыс атқаруына мүмкіндік беретін топтық жұмысқа жағдай туғызу;
- өз ойын жеткізе білу және дәйек келтіру, мәселелерді анықтау үшін өз пікірлерін жеткізу, болжам құру және зерттеулерді әрі қарай жоспарлау қабілетін дамыту үшін ынталандыратын проблемалық жағдаяттар құру;
- белгілі бір тақырыпта мәселені шешу үшін миға шабуыл жасау. Әр оқушы өз идеясын ұсынады, дұрыс шешім қабылдау үшін сынып болып талдау;
- оқушылардың сабақта зерттеу жұмыстарын жүргізуі, тәжірибелер жасауы, түрлі дереккөздерді пайдалану мен іс-әрекет түрлерін қолдануын талап ететін проблемалық жағдаяттар құру;
- оқушылардың зерттеу тақырыбын өз бетінше таңдауы, жоспарлауы, зерттеу нәтижелерін ұсынуы арқылы қызығушылығын ояту.

Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы жаңа пәннің негізгі бағыттары білім беру жүйесінің мазмұнын жаңарту ғана емес, педагогикалық кадрлар да үнемі зерттеушілік іс-әрекетте болып, төменгі сынып оқушыларының жаратылыстану сауаттылығын арттыруда кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгертуді қамтиды. Бұл пән, алынған ғылыми білімдерін өз өмірінде және қоғам өмірінде қолдануға жарамдылығын ұғынатын саналы азаматтарды тәрбиелейді. Сондай-ақ, «Жаратылыстану» пәні оқушылардың дұрыс ақпаратты таңдай алуы, жалған идеяларды теріске шығару үшін өз пікірін ғылыми көзқарас тұрғысынан айта білуі, оларды білімдермен, түсінікпен және дағдылармен қаруландыруға бағытталған. Қазір оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі көптеген дәлелді себептерден туындап отыр. Себебі, ХХІ ғасыр – қатаң бәсеке дәуірі, яғни, бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Савенков А. И. Учебные исследования в начальной школе. // Начальная школа. – №12. – 2000. – С. 101-108.
2. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектепке (1-4 сыныптар) арналған оқу бағдарламасы (30 пилоттық мектептерде сынақтан өткізу үшін байқау нұсқасы). – Астана, 2015. – 33 б.
3. Ибекова Н.Т. Қазақстандық оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру (TIMSS және PISA нәтижелері негізінде) // Білімді ел – образованная страна – №20 (33) 27 октября 2015 г. – 6 б.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім берудің стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 15 сәуіріндегі № 370 қаулысымен бекітілген. <http://edu.gov.kz/kk/experience/bilim-berudin-mazmuny>.
5. Әбілдина Ж. Бастауыш білім берудің стандартын жаңарту аясындағы жаңа пән // Білімді ел – образованная страна – №14 (27) 28 июля 2015 г. – 3 б.

«ӨРЛЕУ» – СЕРТИФИКАТТАЛҒАН МҰҒАЛІММЕН БІРГЕ. АҚТОҒАЙ АУДАНЫ

17 қараша 2015 жылы филиалдың деңгейлік бағдарламалар орталығының тренерлері Ақтоғай ауданы мектептерінде әдістемелік десант өткізді. Филиал аясында тренерлер 3 (базалық) деңгейдің сертификатталған мұғалімдерін курстан кейінгі кезеңінде қолдау көрсету үшін Ақтоғай ауданының 8 мектебіндегі сертификатталған мұғалімдердің сабақтарына қатысты: атап айтқанда, Ә.Бөкейхан атындағы ЖББОМ, К.Байсейітова атындағы ЖББОМ, Ә.Ермеков атындағы ЖББОМ, Ә.Болғанбайұлы атындағы НМ, Қ.Нұржанов атындағы ЖББОМ, Н.Әбдіров атындағы ЖББОМ, Ж.Ақбай атындағы ЖББОМ, Ж.Кеңесбаев ЖББОМ. Аталған мектептерде өткізілген сабақтар мен тренингтерге қатысуға, әдістемелік көмек алуға аудан төңірегіндегі орналасқан Қызыларай ЖББОМ, Т.Ақышұлы атындағы НМ, С.Ибраев атындағы НМ, Ақши ЖББОМ-нің сертификатталған мұғалімдері де қамтылды.

Сабақты бақылау қорытындысы бойынша мұғалімдер тренерлерімен бірге іс-тәжірибелеріндегі мықты жақтары мен қиындық тудыратын аймақтарына талдау жасады. Тренингте 3 деңгей Стандартымен сәйкес мұғалімдердің кәсіби дамуындағы басымдықтары мен жеке мақсаттары анықталды.

Дөңгелек үстел аясында білім беру мекемесінің басшылары және сертификатталған мұғалімдер курстан кейінгі кезеңдегі тренерлердің әдістемелік қолдауын, үшінші (базалық) деңгей мұғалімдерінің тәжірибесін дамытудағы келелі мәселер бойынша өткізген семинар-тренингтерін дәл уақытында келген көмек ретінде қабылдады. Сондай-ақ он-лайн қажеттілігіне орай кеңес берудің де өзектілігін атап айтты.

«ӨРЛЕУ» – СЕРТИФИЦИРОВАННОМУ УЧИТЕЛЮ. АКТОГАЙСКИЙ РАЙОН

17 ноября 2015 года тренерами Центра уровневых программ филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области проведен методический десант в школы Актогайского района. В рамках посткурсового сопровождения сертифицированных учителей третьего (базового) уровня тренеры филиала посетили уроки сертифицированных учителей в 8 школах района: СШ им. А.Бөкейхана, СШ им. К.Байсейитовой, СШ им. А.Ермекова, ОШ им.А.Болғанбайұлы, СШ им. Қ.Нұржанова, СШ им.Н.Абдирова, СШ им. Ж.Ақбай, СШ им. Ж.Кеңесбаева.

Отличительной особенностью методического десанта в Актогайском районе стало участие в наблюдении уроков и в семинаре-тренинге сертифицированных учителей из близлежащих школ: СШ Кызыларай, ОШ им.Т.Ақышулы, ОШ им.С.Ибраева, СШ Ақши.

По результатам наблюдения уроков учителя совместно с тренерами провели анализ сильных сторон практики и зон профессиональных затруднений.

На тренинге определили приоритеты и личные цели профессионального развития в соответствии со Стандартом учителя уровня 3.

В рамках круглого стола руководители организаций образования, сертифицированные учителя отметили актуальность тренерской поддержки, потребность в он-лайн консультировании, проведении семинар-тренингов по актуальным проблемам развития практики учителей третьего (базового) уровня.

Методический десант обозначил новые векторы развития практики сертифицированных учителей района.

М.А.ЖЕТПИСБАЕВА

Филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу»
Институт повышения квалификации педагогических работников по
Карагандинской области, г.Караганды
zhetpisbajeva_m@mail.ru

РЕАЛИЗАЦИЯ ПРЕДМЕТНО-ЯЗЫКОВОГО ИНТЕГРИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЕ СРЕДНЕЙ ШКОЛЫ

Мақалада орта мектепте көптілді білім беруде нәтижеге жету мәселесі көтерілді. Оқушылардың когнитивтік және дискурсивтік дағдыларын дамытуда пәндік-тілдік кіріктіре оқыту мүмкіндіктері қарастырылды. Н.Нұрмақов атындағы Қарағанды облыстық мамандандырылған мектеп-интернатта көптілді білім беруді жүзеге асыру тәжірибесінің алғашқы нәтижелері ұсынылды. Орта білім беру жүйесінде CLIL тәсілін жүзеге асыруға SWOT талдау жасалды.

В статье актуализируется проблема достижения результативности полиязычного обучения в средней школе. Рассматриваются возможности предметно-языкового интегрированного обучения в развитии когнитивных и дискурсивных умений обучающихся. Представлены первоначальные результаты исследования практики реализации полиязычного образования в Карагандинской областной специализированной школе-интернате им.Н.Нурмакова. Сделан SWOT-анализ реализации CLIL подхода в образовательную систему средней школы.

In the article the problem of achievement of effectiveness of the multilingual educating at school an accent is done. Possibilities of the in-language integrated educating are examined in development of cognitive and discursive abilities of student. The primary results of research of practice of realization of полиязычного education are presented in Karaganda regional specialized school-boarding-school by N.Nurmakov. SWOT-is done analysis of realization of CLIL of approach in the educational system of school.

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА: полиязычное образование, интегрированное обучение предмету и языку, когнитивные умения, уровень владения языком обучения

В Государственную программу развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы включены основные тенденции развития трехязычного образования [1]. Для достижения широкомасштабного внедрения трехязычного обучения на всех уровнях образования в Республике Казахстан разработана «Дорожная карта развития трехязычного образования на 2015-2020 годы» (далее – Дорожная карта). Цель реализации Дорожной карты – обеспечение поэтапного внедрения трехязычного обучения на всех уровнях образования в Республике Казахстан для повышения его конкурентоспособности и развития человеческого капитала [2].

Дорожная карта предусматривает определенные меры, необходимые для успешного внедрения трехязычного образования в средней школе, в том числе – обновление содержания учебных программ, обучающих ресурсов и системы оценивания в соответствии с требованиями к владению языками. Реализация этих мер невозможна без изменения дидактических подходов к обучению языкам.

Существующие пути изучения, преподавания языков являются недостаточными,

требуются новые подходы, основанные на полиязычном изучении неязыковых предметов [3].

На данном этапе внедрения полиязычного образования в средней школе введено изучение английского языка с 1-го класса (с 2013-2014 учебного года), в 2016-2017 учебном году эти учащиеся окончат начальную школу. Функционируют 33 школы для одаренных детей с обучением на трех языках. В 18 Назарбаев Интеллектуальных школах обучение в старшей школе ведется на английском языке со сдачей международных внешних экзаменов, в 30 казахско-турецких лицеях отдельные предметы естественно-математического цикла ведутся на английском языке. В 110 школах (63 тыс. учащихся – 2,3%) внедряется трехязычное обучение.

1202 учителя (2,4%) преподают неязыковой предмет на английском языке. Потребность в учителях по предметам естественно-математического цикла, ведущих занятия на английском языке, составляет 22,5 тыс. [4].

Как известно, эффективным способом овладения языком является изучение содержания какого-либо предмета на этом языке. В средних школах Казахстана с 2000 года учебный предмет «Казахская литература» в школах неказахским языком обучения ведется на казахском языке, учебный предмет «Русская литература» в школах с нерусским языком обучения ведется на русском языке, но как показывает практика, существенного влияния на повышение уровня владения вторым языком не произошло. Это обусловлено традиционным содержанием учебных программ и учебников по языку и литературе, отсутствием методической подготовки учителей к обучению предмету на неродном языке.

Для реализации полиязычного изучения предметов на неродном языке необходимо решить следующие задачи:

- определить методологические основы полиязычных подходов;
- определить содержание предметно-языкового образования в условиях общеобразовательной школы;
- обеспечить научно-методическое сопровождение и учебно-методическую базу.

Для достижения результативности полиязычного обучения в общеобразовательной школе потребуются особая организация учебного процесса на уроке, изменение подходов к его планированию и определению целей, отбору учебного материала, позволяющего при изучении совмещать содержание предмета и процесс освоения языка, оцениванию.

Одним из наиболее распространенных подходов к полиязычному обучению предметов является интегрированное преподавание предмета и языка.

Интегрированное обучение предмету и языку в средней школе представляет собой развивающуюся область теоретических и прикладных исследований, и единой концепции того, как школа должна реализовывать такое обучение, не существует. Авторами данного подхода являются Дэвид Марш (Финляндия) и Анне Мальерс (Голландия). Дэвид Марш дал ему следующее определение: «Предметно-языковое интегрированное обучение (CLIL) относится к любому сфокусированному на двух предметах образовательному контексту, в котором дополнительный язык, т.е. не основной язык, используется как средство при обучении неязыковому предмету» [5]. Таким образом, CLIL – дидактическая методика, которая позволяет сформировать у обучающихся лингвистические и коммуникативные компетенции на неродном языке в том же учебном контексте, в котором у них происходит формирование и развитие общеучебных знаний и умений. Название подхода интегрированного обучения предмету и языку на английском языке расшифровывается как Content and Language Integrated Learning (далее – CLIL). CLIL успешно внедрен в зарубежном образовании – Болгарии, Венгрии, Канаде, Финляндии, Эстонии и др. На основе CLIL подхода в этих странах реализуются программы языкового погружения для овладения вторым или третьим языком.

По мнению исследователей, предметно-языковой интегрированный подход можно использовать на любом образовательном уровне: дошкольном, среднем, среднем специальном, высшем [6].

Идея использования предметно-языкового интегрированного обучения возникла в результате возросших требований к уровню владения неродном языком при ограниченном времени, отведенном на его изучение. С этой проблемой сталкиваются учителя практически

во всех странах.

На основе CLIL процесс изучения языка становится более целенаправленным, поскольку приобретает актуальное содержание, и язык становится необходимым средством для решения конкретных коммуникативных задач на уроке. Кроме того, обучающиеся имеют возможность лучше узнать и понять культуру изучаемого языка, что ведет к формированию их социокультурной компетенции. При CLIL осваивается достаточно большой объем языкового материала, что представляет собой полноценное погружение в естественную языковую среду. Необходимо отметить и то, что работа над различными темами предмета позволяет выучить специфические термины, определенные языковые конструкции, что способствует пополнению словарного запаса обучающегося предметной терминологией и подготавливает его к дальнейшему изучению и применению полученных знаний и умений. Изучение неродного языка и неязыкового предмета одновременно является дополнительным средством для достижения образовательных целей.

К частным принципам интегрированного обучения предмету и языку относятся: тройной фокус (обучение предмету, развитие речевой деятельности на неродном языке, развитие умений учиться); безопасная и обогащающая учебная среда; аутентичность используемых материалов; активное обучение; сотрудничество [7].

В рамках CLIL подхода реализуется когнитивная функция неродного языка, поскольку улучшается восприятие и понимание содержания изучаемого предмета: учитель использует различные стратегии подачи материала: дискурсивные маркеры, повторение, частое использование примеров, синонимов, расширенное объяснение, перефразирование, четкая артикуляция, различные интонационные структуры и т.д. Кроме того, у обучающихся вырастает ответственность за текст, воспроизведенный на втором (третьем) языке, поскольку основной акцент делается, прежде всего, на содержании, а потом на форму подачи материала. Развитие когнитивных умений является приоритетом при CLIL: нахождение взаимосвязей, сопоставление, сравнение, систематизация, классификация, обоснование и т.д. Более того, при обучении на неродном языке развиваются и дискурсивные умения, что способствует их совершенствованию и в родном языке [7].

Реализация CLIL в Казахстане носит эпизодический характер и, если осуществляется, то частично, в рамках отдельных организаций образования, к примеру в НИШ. В начальных классах НИШ городов Кокшетау и Талдыкорган в 2012 начат эксперимент по языковому погружению в казахский язык русскоязычных детей. Данная программа языкового погружения направлена на усиление казахоязычной среды и развитие казахского языка в качестве государственного. Казахский язык становится когнитивным инструментом познания окружающей среды и усвоения содержания учебных предметов [8].

Для изучения практики полиязычного обучения неязыковому предмету и оценки потенциала внедрения CLIL нами начаты исследования на основе глубинного интервью среди учителей Карагандинской областной специализированной школы-интерната им. Н. Нурмакова. Язык обучения в школе – казахский, полиязычное изучение неязыковых предметов реализуется с 2007 года. Поскольку выпускники начальной школы имеют разный уровень владения английским языком, в 5-6-х классах осуществляется углубленное изучение английского языка, причем в 6-ом классе – усиленная лексическая работа с предметными терминами и понятиями. Полиязычное обучение географии, биологии, физике, математике начинается с 7-го класса.

В интервьюировании участвовало 15 учителей, в том числе 8 – учителя, преподающие неязыковой предмет (география, биология, физика, математика) на английском языке, 5 – учителя английского языка, 2 – учителя русского языка и литературы.

На основе эстонского опыта изучения практики и особенностей интегрированного обучения предмету и языку для проведения интервью был разработан вопросник для опроса учителей [9]. Вопросник охватил 7 тем, направленных на рефлексии учителями своей педагогической деятельности в процессе обучения предмету на неродном для учеников языке.

Результаты интервью показали, что учителя, по их мнению, знают уровень владения обучающимися языком обучения и о степени подготовленности класса к восприятию

содержания предмета. Основная трудность при полиязычном обучении, которую называли учителя, связана с уровнем владения детьми языком обучения, особенно в начальный период изучения предмета на английском языке. Некоторые из обучающихся вынуждены вести себя на уроке пассивно из-за недостаточного уровня владения языком обучения или обращаться к первому языку. Для преодоления языковых затруднений в школе введен офисный час – внеурочные консультации в соответствии с индивидуально-дифференцированными заданиями. Кроме того, некоторые учителя (20%) отметили трудоемкость работы со словарем при изучении текстов, сложных для понимания.

Учителя исправляют речевые ошибки, не снижая при этом оценки за знание предметного содержания. На начальном этапе полиязычного обучения ученикам разрешается на уроке использовать первый язык, но сами учителя не переходят на него, что направляет класс работать на неродном языке. При подборе учебных материалов не всегда соблюдается принцип аутентичности; чтобы лучше понять содержание текстов на уроках ученики обращаются к словарям для перевода значений незнакомых слов.

Все учителя считают, что ими оказывается необходимая языковая поддержка ученикам при изучении предмета на неродном языке. Так, большинство учителей обращаются к использованию синонимов, перефразированию, переводу вопросов на родной язык учеников, опираются на наглядности, разрабатывают адаптированные для учеников учебные пособия.

В ходе интервью было установлено, что учителя, преподающие предмет на неродном для обучающихся языке, активно сотрудничают между собой: обмениваются методическими находками, совместно разрабатывают учебные материалы и т.д. Учителя осознают недостаточность знаний и умений по обучению предмету на неродном языке; к пониманию особенностей такого преподавания они пришли эмпирическим путем, так как в вузовской программе подготовки педагогов такое направление отсутствовало. Ни один из опрошенных учителей ничего не знает о методике предметно-языкового интегрированного обучения (CLIL).

Таким образом, на основе анализа результатов интервьюирования можно заключить, что учителя, по их мнению, строят образовательный процесс, основываясь на предварительном анализе языковой подготовленности обучающихся к восприятию предметного содержания на неродном языке. В зависимости от уровня владения языком обучения учителя используют на уроках парные и групповые формы работы, методы активного обучения.

Данное исследование будет продолжено в плане прямых наблюдений за учебным процессом, анкетирования обучающихся и анализа сложившейся практики обучения предмету на неродном языке в Карагандинской областной специализированной школе-интернате им.Н.Нурмакова.

Для оценки потенциала внедрения CLIL проведен SWOT-анализ реализации данного подхода в образовательную систему средней школы (таблица).

Таблица – SWOT-анализ реализации CLIL подхода в образовательную систему школы

Позитивные факторы	
Сильные стороны	Возможности
–погружение в языковую среду –содержательная направленность языкового обучения –значимый контекст общения на неродном языке; –развитие когнитивных навыков –развитие дискурсивных умений как на родном, так и на неродном языках –приобретение знаний о культуре других народов –усиление мотивации благодаря использованию языковых компетенций в значимом контексте –повышение конкурентоспособности выпускников –развитие толерантности	–свободное владение неродным языком как в повседневном общении, так и в общении на уровне предметного содержания –востребованность на рынке труда –неограниченный доступ к информационным ресурсам –возможность продолжения образования за рубежом

Негативные факторы	
Слабые стороны	Риски
–изначально низкий уровень владения неродным языком –недостаточность кадрового потенциала: отсутствие необходимых профессиональных знаний –недостаточность необходимого уровня владения неродным языком учителями-предметниками –отсутствие необходимых УМК по неязыковым предметам –отсутствие курсов повышения квалификации для учителей, обучающие учебному предмету на неродном языке –низкий уровень взаимодействия учителей-предметников и учителей не родного языка	–сложности при организации учебного процесса –увеличение нагрузки как на обучающихся, так и на учителей –на ранней стадии внедрения CLIL преподавание предметов на неродном языке может отрицательно сказаться на процессе усвоения самого предмета

В целях формирования профессиональной компетентности учителей-предметников в сфере обучения предмету на неродном языке в Карагандинском филиале АО «НЦПК «Өрлеу» в содержание краткосрочных курсов повышения включены темы по изучению методики предметно-языкового интегрированного обучения в объеме 4 часов.

Несомненно, использование CLIL подхода позволяет решать значительный круг образовательных задач. Изучение неродного языка и неязыкового предмета одновременно является эффективным средством достижения ожидаемых целей обучения и формирования навыков широкого спектра.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 гг. // Әділет. Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан [Электронный ресурс]. Код доступа <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118>
2. Отчет о реализации стратегического плана Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2014-2018 годы, утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан от 26 марта 2014 года №258 [Электронный ресурс]. Код доступа http://sc.edu.gov.kz/fileadmin/2015/prilozhenie_1_2_3_4.pdf
3. Методические рекомендации по полиязычному изучению предмета «География» в школах с национальным языком обучения. – Астана: Национальная академия образования им.И.Алтынсарина, 2013. – 22 с.
4. Отчет о реализации стратегического плана Министерства образования и науки Республики Казахстан на 2014-2018 годы, утвержденного постановлением Правительства Республики Казахстан от 26 марта 2014 года №258 [Электронный ресурс]. Код доступа http://sc.edu.gov.kz/fileadmin/2015/prilozhenie_1_2_3_4.pdf
5. Предметно-языковое интегрированное обучение [Электронный ресурс]. Код доступа <http://kke.innove.ee/ru/language-immersion/integririvanoe-obuchenie>
6. Гавлик-Кобылинска М., Льюинска М. Предметно-языковое интегрированное обучение в польском высшем военном образовании. [Электронный ресурс]. Код доступа connections-qj.org/ru/system/files/13.3.06_gawlik-kobyliska_lewiska_rus.pdf
7. Материалы семинара-тренинга «Методика интегрированного обучения предмету и языку: особенности, преимущества, методы и приемы реализации». – Алматы, 2015.
8. Джадрина М.Ж. Языковое погружение в Интеллектуальных школах: приобретенный опыт // NIS [Электронный ресурс]. Код доступа <http://conference.nis.edu.kz/october2015ru/index.php/contactus-2/contactus-4>
9. Бурдакова О., Джалалова А., Рауд А. Методика интегрированного обучения предмету и языку в учебном процессе Нарвского колледжа. [Электронный ресурс]. http://www.narva.ut.ee/sites/default/files/narva_files/NK%20LAK%20uuringu%20raport%20vene%20k%202011%20_2_.pdf

ҰСТАЗ, ӘЛЕМДІ КӨРКЕЙТЕ ТҮС!

2015 жылдың 15 қазанында Балқаш өңірі педагогтарын кәсіби дамыту Орталығының әдістемелік іс-шаралар жоспарына сәйкес Балқаш қаласының №15 мектеп-лицейі базасында «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасында тұлғаны рухани-адамгершілік дамыту стратегиялары» атты әдістемелік семинар өткізілді.

Семинардың мақсаты – «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім берудің жаңартылған бағдарламасын жүзеге асырудың ерекшеліктерін айқындау және пәнді жүргізу бойынша өзара іс-тәжірибемен бөлісу. Семинарға Балқаш қаласы мен Ақтоғай ауданының «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімдері қатысты.

Инновациялық дамуды әдістемелік қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Кузнецова Светлана Викторовна қатысушыларды құттықтай отырып, семинарда қарастырылған тақырыптың өзектілігі мен маңыздылығы туралы атап өтті. «Өзін-өзі тану» пәнінің мазмұнына және сабақ берудің ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттарына қойылатын негізгі талаптар туралы мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білім беру кафедрасының аға оқытушылары Ж.Е. Кантарбаева мен Д.Б. Какенова таныстырып өтті. Семинар қатысушылары «Өзін-өзі танудың» жаңартылған бағдарламасын жүзеге асырудың жаңа тәсілдеріне аса үлкен қызығушылық танытты. Қатысушылар сабақ жоспары мен сараптамасы, «Өзін-өзі тану» кабинетінің кешенді жабдықталуы бойынша өздерін толғандырған сұрақтарын қойды.

Семинардың практикалық бөлігінде бағдарламаны жүзеге асыру бойынша озық іс-тәжірибесімен бөліскен Балқаш қаласының №15 мектеп-лицейінің мұғалімі Жүніс Несіпқайша Ғалымжанқызы шеберлік сағатын өткізді.

В ходе рефлексии участники отметили удовлетворенность совместной работой и определили проблемные зоны, требующие методической поддержки со стороны сотрудников и преподавателей Филиала.

Рефлексия барысында қатысушылар ынтымақтасқан жұмыстың оң нәтижесін атап өтіп, Филиал оқытушылары мен қызметкерлері тарапынан әдістемелік қолдауды қажет ететін мәселелік жағдайларды анықтады.

УЧИТЕЛЬ, СДЕЛАЙ МИР ЛУЧШЕ!

15 октября 2015 года по плану методических мероприятий Центра профессионального развития педагогов Балхашского региона на базе школы-лицея №15 города Балхаш филиалом АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области организован и проведен семинар «Стратегии развития нравственно-духовного воспитания личности в Республике Казахстан».

Цель семинара – определение особенностей реализации обновленной программы нравственно-духовного образования «Самопознание» и обобщение передового опыта преподавания данного предмета педагогами Балхашского региона.

В семинаре приняли участие учителя предмета "Самопознание" города Балхаш и Ақтоғайского района.

С приветственным словом к участникам семинара выступила начальник отдела методического обеспечения инновационного развития С.В. Кузнецова, которая подчеркнула актуальность и своевременность рассматриваемой темы. Основные требования к содержанию и организационно-педагогическим условиям преподавания предмета самопознания раскрыли старшие преподавательские кафедры дошкольного воспитания и начального обучения Ж.Е. Кантарбаева и Д.Б. Какенова. Участники проявили особый интерес к новым подходам реализации обновленной программы «Самопознание». Было задано много вопросов по оформлению планов и анализа урока, по требованиям к комплексному оснащению учебного кабинета «Самопознание».

В практической части семинара проведен мастер-класс, демонстрирующий передовой педагогический опыт по реализации программы, учителем школы-лицея №15 города Балхаш Н.Г. Жунус.

В ходе рефлексии участники отметили удовлетворенность совместной работой и определили проблемные зоны, требующие методической поддержки со стороны сотрудников и преподавателей Филиала.

С.В.КУЗНЕЦОВА¹, М.С. БАЙТУРГАНОВА²«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы
Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты, Қарағанды қ.¹kuznecova_s_v_ipk@mail.ru, ²baiturganova_m@mail.ru

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ПЕДАГОГТЕРДІ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАЙЫНДАУ

Мақалада білім беру мазмұнының жаңаруы жағдайында педагогтерді білім алу қажеттіліктері ерекше балалармен жұмыс істеуге дайындау мәселесі көтерілген. Айрықша назар дарынды балалармен жұмыс істеу ерекшеліктеріне аударылған. «Өрлеу» БАҰО» АҚ Қарағанды облысы филиалының іс-тәжірибесі көрсетілген.

В статье поднимается проблема подготовки педагогов к работе с детьми с особыми образовательными потребностями в условиях обновленного содержания образования. Особое внимание обращено особенностям работы с одаренными школьниками. Представлен опыт работы Карагандинского Филиала АО «НЦПК «Өрлеу» в данном направлении.

In the article raises the problem preparation of teachers' in work with children with special educational needs in conditions under the updated content of education. Particular attention is paid to features work with gifted students. Also is submitted the experience of Karaganda Branch JSC "NTSPK "Orleu" in this direction.

ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР: ерекше талабы бар тұлға, инклюзивті білім беру, дарынды балалармен жұмыс істейтін мұғалімнің кәсіби құзіреттіліктері

Заманауи білім берудің басым үрдістерінің бірі барлық азаматтардың сапалы білім алу қызметіне тең және толыққанды қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Осыған орай әлемнің көптеген мемлекеттерінде білімдік қажеттіліктері әр алуан білім алушыларға толыққанды білім мен тәрбие беру үшін жағдайлар жасалған.

Талаптары мен қажеттіліктері ерекше тұлғаларға білім беру саласының саясаты, қағидалары мен практикалық іс-әрекеттері туралы жазылған Саламанк декларациясына сәйкес (Саламанка, Испания, 1994 жылдың 7-10 маусымы):

1) әр баланың білім алуға негізгі құқығы бар және лайықты білім деңгейін меңгеруге мүмкіндігі болу керек.

2) әр баланың бірегей ерекшелігі, қызығушылығы, қабілеттілігі және оқу қажеттілігі бар.

3) білім беру жүйесін осы ерекшеліктер мен қажеттіліктердің әралуандығын ескере отырып құру керек және соған сай білім беру бағдарламасын жүзеге асыру керек.

4) білім беру саласында ерекше талабы бар тұлғалардың қарапайым мектепте білім алуына қолжетімділігі болуы керек. Қарапайым мектептер осы қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында, ең алдымен, балаға бағытталған педагогикалық әдістер негізінде жағдай жасауы тиіс.

5) осындай инклюзивті бейімділігі бар қарапайым мектептер дискриминациялық көзқараспен күресудің және қауымдастықтарда жағымды ахуал орнатудың, инклюзивті қоғамды құрудың және жаппай білім берудің тиімді құралы болып табылады; сонымен қатар

олар көптеген балаларға арналған шынайы білімді қамтамасыз етеді және білім беру жүйесінің тиімділігі мен рентабельдігін арттырады [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында сапалы білім алуға бар адамның теңқұқылы екеніне және әр адамның психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, барша халыққа білімнің барлық деңгейінің қол жетімді болуына кепілдеме берілген [2].

Инклюзивті мектеп – бүгінгі таңда Қазақстандағы өзекті мәселелердің бірі. Әр білім беру ұйымындағы білім алушылардың арасында мүмкіндігі шектеулі оқушылардың, жетімдер мен ата-аналары жұмыссыз, ата-аналық құқықтан айрылған балалардың, босқындардың, оралмандардың, қоныс аударуға мәжбүр болған, созылмалы соматикалық сырқатты, дарынды және т.б. балалардың білім алатынын практика сөзсіз көрсетіп отыр.

Сонымен қатар, біздің зерттеулеріміз көрсеткендей, бұл категориядағы балалармен жұмыс істеуде мұғалімдердің бірталай қиындықтарға тап болатындығы да анық. Әр педагог өз практикасында инклюзивті білім беру идеяларының жүзеге асырылу қажеттілігін жақсы түсінсе де, бірнеше себептерге орай оларды жүзеге асыруға мүмкіндіктері болмайды:

- балалардың ерекше қажеттіліктерінің пайда болу себептері мен олардың мәні туралы білімнің жеткіліксіз болуы;

- білім алушылардың қабілеттіліктерін диагностикалауға және дамытуға арналған құралдарды игермегендіктері;

- педагогтердің, психологтердің, дефектологтер мен ата-аналардың іс-әрекеттері бытыраңқы болып өзара бірікпеуінде және т.б. [3].

Алдыңғы екі себеп педагогикалық мамандықта білім алушы студенттердің кәсіби дайындық үдерісінде коррекциялық педагогика саласындағы біліммен толық қамтамасыз етілмегендігінен туындайды.

Үшінші себептің негізінде мектепте ерекше қажеттілікті талап ететін балаларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсету бойынша жүйелі жұмыстың болмауы жатыр. Бұл білім беруші қызметкерлердің осы үдерістегі өзінің ролі мен маңызын жете түйсінбейтіндігін, педагогикалық үдерістегі субъектілердің өзара әрекеттесу циклограммасының және білім беру ұйымының даму бағдарламасының жоқтығын көрсетеді.

Практик-педагогтердің кәсіби іс-әрекеттерінде туындаған бұл қиындықтарды жою үшін көмекке Біліктілік арттыру институттары тартылады. Соған орай «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ (әрі қарай - Филиал) 2015 жылдың 01.09.-26.09. аралығында ҚР БҒМ құрастырылған бағдарламалар бойынша біліктілік арттыру курстарын өткізді:

- жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне арналған «Инклюзивті білім беру жағдайындағы білім беру ортасының мазмұны»;

- ДМШ бар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Мүмкіндігі шектеулі балалармен түзету-тәрбиелік жұмыстарын ұйымдастырудың жаңа тәсілдері».

Проблемалық семинарлар ұйымдастырылды: «Жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді ұйымдастыру», «Білім беру ұйымдарындағы кедергісіз білім кеңістігі», «Инклюзивті білім беру жағдайында оқушылардың (тәрбиеленушілердің) дамуын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу», «Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту», «Жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті мәдениетті дамыту», «Кіші жастағы оқушылардың дарындылығын дамыту», «Дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастыру».

Курсаралық әдістемелік іс-шаралар өткізілді:

- шеберлік сынып «Мейірімділік пен адамгершілік сабақтары»;

- әдістемелік семинар «Жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті білім беруді жүзеге асыру әрекеттерін басқару»;

- дөңгелек үстел «Инклюзивті білім беру жағдайында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту: мәселелер мен шешу жолдары»;

- семинар «Мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған жанұямен жұмыс»;
- тренинг «Жетістікке жетудің уәжі»;

– Қарағанды облысының педагогтерін педагогикалық шеберліктің фестиваліне қатысуға дайындау: «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында тұлғалық зияткерлікті дамытудың педагогикалық ізденісі» (30.09 -01.10.2015 ж. «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Маңғыстау облысы бойынша ПҚ БАИ).

Жүргізілген жұмыстардың барысында педагогтердің басты назары білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында заманауи мектептердің инновациялық үдерстерден тыс дамуы мүмкін емес деген фактіге аударылды. Білім беру мазмұнының жаңару жағдайындағы түбегейлі өзгерудің стратегиялық нысаны мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық демеу көрсету ғана емес, оны ерте анықтауға бағытталу және дарынды балалардың білім алуы мен дамуына жағдай жасау болып табылады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының шешімі бойынша дарынды балалар жасөспірім құқықбұзушылар мен маскүнемдердің балалары қатарындағы «қауіптілер тобына» енгізілген. Оларға да арнайы жеке бағдарламалар мен арнайы дайындығы бар мұғалімдер қажет [4;10].

Осыған орай ресейлік педагог А.Н.Острогорскийдің «Бұл рөл кез келген педагогтің қолынан келе бермейді. Талантқа жетекшілік ету үшін өзінде де айрықша дарын болу керек» деген сөзінің маңызын айта кеткен жөн [5, 285-304-б.].

Дарынды оқушылармен тиімді жұмыс істеу үшін педагогтің бойында қандай қасиеттер болу керек?

А.М. Матюшкина, Л.В. Попова, В.С. Юркевичтің зерттеулерінде дарынды балалармен жұмыс істеуде педагогтің арнайы білімі, біліктілігі және дағдылары болу керектігі айтылған, сонымен қатар оның психологиялық әзірлігі үлкен маңыз атқаратыны көрсетілген. Оқушылардың дарындылық белгілерін айқындау және дамыту оқушының шығармашылық әлеуетін ынталандыруға жол ашатын немесе кедергі жасайтын педагогтің тұлғалық қабілеттеріне байланысты. Бұл факт А.М. Матюшкина мен Е.Л. Яковлеваның зерттеулерімен тәжірибе жүзінде дәлелденген. Ғалымдардың зерттеуімен мұғалім тұлғасының өзін-өзі өзектеу сипаттарының жоғары деңгейі дарынды балаларға едәуір тиімдірек көмек көрсетуге мүмкіндік беретіні анықталды. Мұндай жағдайда педагогтің құндылықты бағдары, танымдық қажеттілігі, өзіндік ұстаздық креативтілігі, дербестігі, тапқырлығы мен мінез оралымдығы аса маңызды болып табылады. Мұндай педагогтер бірегей ерекшеліктері бар оқушылармен қарым-қатынас жасаудан рақат алатынына да ерекше көңіл бөлген дұрыс. Олар үшін талантты оқушылармен жұмыс істеу – баламен біріге отырып күрделі жағдайдың шешімін табу және сол шешімді іздеудегі шығармашылықтан қуаныш алу. [6; 91].

Ғалымдардың зерттеулері (Гильбух Ю.З., Задорина Е.Н., Мельникова Л.Н., Щепланова Е.И. и др.) дарынды балалармен тек тәжірибелі, жоғары квалификациялы мамандар ғана емес, арнайы кәсіби дайындықтан өткен педагогтер жұмыс істеу керек деген біздің ой-пікірімізді дәлелдеп отыр. Арнайы білім мен біліктіліктің болмауы дарындылықты диагностикалаудағы жаңсақтыққа әкелетіні сөзсіз. Дайындығы жоқ мұғалімдер мұны тек жақсы оқитын оқушылардың оқу жетістіктерімен теңестіреді (алайда көптеген дарынды оқушылар оқу жетістігі төмен балалардың арасында); едәуір қабілетті оқушыларға ынта аудармай немқұрайлық танытады, кейде тіпті жағымсыз қатынаста болады; дарындыларды оқытуда үдету стратегиясын толық қолданбайды. Мұндай педагогтер дарынды оқушылардың психологиялық ерекшеліктері мен танымдық сұраныстарын алдын ала анықтайтын оқыту мен тәрбие берудің арнаулы әдістерін, оқу бағдарламаларының даралығын әрдайым түсіне бермейді. [7; 8; 9; 10].

Соған орай Филиал оқытушыларының алдында дарынды балаларды оқытатын мұғалімдердің моделін айқындау міндеті туындады.

Филиалдың деңгейлік бағдарламалар орталығының тренерлері Бенджамин Блумның мұғалімдер типологиясын қолданады:

- баланы оқытылатын пәннің аясына енгізетін және эмоционалдық ынталану ахуалын

орнатататын, пәнге деген қызығушылықты еліктіретін мұғалім;

- шеберлік негіздерін қалап, баламен бірге орындау техникасын жетілдіретін мұғалім;
- жоғары кәсіби деңгейге шығаратын мұғалім [11].

Көрсетілген мұғалімдердің типтері балалардың қабілетін дамытуға және оларға білім алу үдерісінде тиімді демеу көрсетуге мүмкіндік беретіні практика жүзінде дәлелденіп отыр.

Бұл мұғалімдер типологиясы Н.В.Кузьмина қалыптастырған дарынды балалармен жұмыс істейтін мұғалімнің кәсіби құзіреттіліктерімен сәйкес келеді. Бұл құзіреттіліктердің арасында жаһанды тұлғалық сипаттарға ие – өзі туралы, өзге адамдар туралы, сонымен қатар өз жұмысының мақсаты мен міндеттері туралы түсініктер маңызды орын алатын көзқарастар мен пікірлер жүйесі төмендегідей:

- жүргізілетін пән саласындағы арнаулы құзіреттілік;
- оқушылардың бойында білім, білік және дағдыларды қалыптастыру жолдарындағы әдістемелік құзіреттілік;
- оқытудағы психологиялық-педагогикалық құзіреттілік;
- білім алушылардың қабілетіндегі, уәжіндегі, бағытындағы дифференциалдық-психологиялық құзіреттілік;
- аутопсихологиялық құзіреттілік педагогикалық іс-әрекеттің рефлексивті негізі ретінде [12].

Осы құзіреттіліктерді біз дарынды оқушылармен жұмыс істейтін мінсіз мұғалімді дайындауда модель ретінде қолданамыз.

Тыңдаушылармен жұмыс істеу барысында біз әр балаға адамгершілікпен қарау қағидаларына және жеке тұлғаға бағытталған тәсілдердерді қолдану қажеттілігіне ерекше көңіл бөлеміз. Соған сәйкес дарынды балалардың мұғаліміне қойылатын талаптарды талқылау барысында біз американдық «Astor» бағдарламасының өлшемдерін өткіземіз. Бұл өлшемдерге сәйкес мұғалім:

- мейірімді және елгезек болуы керек;
- дарынды балалардың психологиялық ерекшелігін түйсінуі, олардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын сезуі керек;
- зияткерлік дамудың жоғары деңгейінде болуы қажет;
- біліктілігі мен қызығушылығы мол болуы керек;
- педагогикалық білімнен басқа тағы бір білімі болуы тиіс.
- дарынды балаларды оқытуға байланысты әр алуан міндеттерді орындауға дайын болуы керек;
- белсенді және ашық мінезді болуы тиіс;
- әзіл көтере білуі керек (сарказммен алшақ болғаны жөн);
- өз көзқарасын қайта өзгертуге және өзін-өзі жетілдіруге әзір болуы керек;
- өзіндік шығармашылық көзқарасы, мүмкін дәстүрлі емес көзқарасы болуы керек ;
- мықты денсаулығы және өмірлік ұстанымы болуы тиіс;
- жоғары оқу орынынан кейін дарынды балалармен жұмыс істеу бойынша арнаулы дайындығы болуы қажет және әрі қарай арнаулы білім алуға дайын болуы тиіс [13].

Дарынды балалармен жұмыс істейтін тиімді мұғалімдердің анықталған сипаттарын ескере отырып, осы бағыт бойынша ұйымдастырылатын курсаралық іс-шаралар мен проблемалық курстардың мазмұны анықталады. Бағдарламалық құжаттардың негізіне Л. А. Дементьевамен белгіленген модульдер енгізілген:

- инновациялық іс-әрекетке уәждік жалпы дайындық;
- педагогтің кәсіби «Мен-тұжырымдамасы»;
- тұлғаның коммуникативтік және бейіндік сипаттары (жанжалтану құзіреттілігі);
- тұлғаның реттеушілік сипаттамалары.

Жүргізілген жұмыстар педагогтерді дарынды балалармен жұмыс істеуге дайындау бойынша Қарағанды облысы филиалының практикасы аймақ бойынша үлкен сұраныста

екенін дәлелдей түсті және жаңарған мектеп жағдайында дарынды балалармен арнаулы дайындықтан өткен «дарынды» мұғалімдер жұмыс жасайды деген сеніміміз мол.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларға білім беру бойынша Дүниежүзілік конференция материалдары (07.06-10.06.1994 Саламанка, Испания) // <http://rud.exdat.com/docs/index-827449.htm>
2. ҚР «Білім туралы» Заңы, ҚР БҒМ 29.11.2007 жылы № 583 бұйрығымен бекітілген «Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережелері» // <http://adilet.zan.kz>
3. «Өрлеу»БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ курстық және курсаралық жұмысының тиімділігі мониторингісінің 2015 жылдың 9 айының нәтижелері туралы сараптамалық ақпараты. – Қарағанды: «Өрлеу»БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ, 2015.
4. League of Nations.Health Organisation.InformationSection. –Geneva, 1977.
5. Острогорский А.Н. Мұғалім және дарынды оқушылар / А.Н. Острогорский // Педагогикалық жинақ. – 1989. – № 1. – 1-28-б. – № 3. – 197-219-б. – № 4. – 285-304-б.
6. Матюшкин, А.М., Яковлева, Е.Л. Дарындыларға арналған мұғалімі. – М.: «Правда бапасөзі», 1991. – 87-91-б.
7. Гильбух Ю.З. Көңіл аударыңыздар: дарынды балалар.– М.,1991.– 80-б.
- 8.Задорина Е.Н. Дарынды оқушылардың шығармашылық және зияткерлік дамуының ерекшеліктері (музыкалық және математикалық мектептерде):Дисс. псих.ғыл. канд.– М,1994. – 169-б.
9. Мельникова Е.Л. Дарынды оқушылармен жұмыс істеуге мұғалімді дайындаудың психологиялық моделі: Псих.ғыл. канд ... дисс.– М.,1998. –186-б.
10. Щербанова Е.И. Дарындылық психологиялық жүйе ретінде: мектеп жасындағы динамика мен құрылым. – М., 2006. – 357-б.
11. Қазақстан Республикасы педагогикалық кадрларының біліктілік арттыру курстарының Бағдарламасы. Үшінші (базалық) деңгей. 1-аптаның таратпа материалдары // <http://cpm.kz/ru/portal/programs/>
12. Кузьмина Н.В. Мұғалімнің қабілеті, дарыны, таланты. – Л.: Білім, 1985. –32-б.
- 13.Feidhusen J.F., Hansen J. Teachers of the Gifted: Preparation and Supervision // Gifted Education Internatio. – №. 2. – 1988. – P. 84-89-б.
14. Деменьтева Л.А. Дарынды баламен жұмыс істеуге педагогтің дайындығын қалыптастыру // Интернет-журнал «Эйдос» [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік коды <http://www.eidos.ru/journal/2015/> htm/.

«ӨРЛЕУ» – СЕРТИФИЦИРОВАННОМУ УЧИТЕЛЮ. КАРКАРАЛИНСКИЙ РАЙОН

14 октября 2015 года тренерами центра уровневых программ филиала проведен методический десант в школы Каркаралинского района. В рамках посткурсового сопровождения сертифицированных учителей третьего (базового) уровня тренеры филиала посетили уроки сертифицированных учителей в 7 школах района: СШ №1 им.О.Жаутикова, СШ №2, СШ №44 им.М.Бапиулы г.Каркаралинска, СШ №4 п.Коктас, СШ №10 с.Нуркен, СШ №16 п.Карагайлы, СШ №19 с.Талды.

По результатам наблюдения уроков учителя совместно с тренерами провели анализ сильных сторон практики и зон профессиональных затруднений.

На тренинге определили приоритеты и личные цели профессионального развития в соответствии со Стандартом учителя уровня 3.

В рамках круглого стола руководители организаций образования, сертифицированные учителя отметили актуальность тренерской поддержки в посткурсовый период, потребность в он-лайн консультировании, проведении семинаров по актуальным проблемам развития практики учителей третьего (базового) уровня.

НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНЕ ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!

2015 жылдың 1 қазанында Қарағанды қаласы Химия-биологиялық бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚБАИ тыңдаушылары, дене тәрбиесі пән мұғалімдеріне өз есігін айқара ашты.

Семинарда мектептің Кіріктірілген білім беру бағдарламасын енгізу тәжірибесі талқыланды.

Мектептің дене тәрбиесі кафедрасының басшысы Г.К. Альбазаров және дене тәрбиесі пән мұғалімі Д.И. Булатов Кіріктірілген білім беру бағдарламасының тұсаукесерін ұсынды. «НЗМ білім алушыларын критериалды бағалау» тақырыбы ерекше қызығушылық тудырды.

Семинардың келесі кезеңінде ашық сабақ пен футболдың спорттық секциясы көрсетілді. Сабақты және секциялық сабақта Б.Б. Смагулов, Б.А. Конакбаев оқушылардың әр түрлі топтарына арналған сараланған сабақтар, баскетболда, футболда техникалық сызбаның және техникалық іс-әрекеттің электронды нұсқаларын қолдану жөнінде тәжірибе алмасты. Семинарларға қатысушылар ашық сабақты талдау барысында АКТ қолдану білім алушылардың қойылған міндеттерді тез түсінуіне және оқу материалдарын жылдам игеруіне септігін тигізгендерін атап өтті.

Семинарды қорытындылай келе, қатысушылар бұл кездесудің маңыздылығын, оның ашық, жүйелі өзара іс-әрекетке, тәжірибе алмасуға және білім беру қоғамдастығына өз кәсіби мүмкіндіктерін ұсынуға үлкен мүмкіндік туғызатындығын айтып өтті.

ДОБРО ПОЖАЛОВАТЬ В НИШ!

1 октября 2015 года Назарбаев Интеллектуальная школа химико-биологического направления г. Караганды распахнула свои двери для учителей физической культуры, слушателей курсов повышения квалификации ФАО «НЦПК Өрлеу» ИПК по Карагандинской области.

На семинарском занятии обсуждался опыт внедрения Интегрированной образовательной программы школы.

Презентовали Интегрированную образовательную программу руководитель школьной кафедры физического воспитания Г.К. Альбазаров и учитель физической культуры Д.И. Булатов. Особый интерес и обсуждение вызвала тема: «Критериальное оценивание учащихся НИШ».

Следующим этапом семинара был просмотр открытого урока и занятия в спортивной секции футбола. На уроке и секционном занятии учителя Смагулов Б.Б., Конакбаев Б.А. продемонстрировали дифференцированные задания для различных групп учащихся, применение электронных вариантов тактических схем и технических действий игры в баскетбол, футбол. Анализируя открытый урок, участники семинара отметили, что использование ИКТ способствовало пониманию учащимися поставленных задач и быстрому усвоению учебного материала.

Подводя итоги семинара, участники отметили, что такие встречи очень полезны, поскольку побуждают к открытому конструктивному взаимодействию, дают возможность обменяться опытом и продемонстрировать свои профессиональные возможности образовательному сообществу.

М. Б. АЙТКЕНОВА¹, Н. З. АКУЛЬБЕКОВА²

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы
Қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты, Қарағанды қ.
¹aytkenova_m@mail.ru, ²akulbekova_nz@mail.ru

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА КҮРДЕЛІ МӘТІНДЕРМЕН ЖҰМЫС

Оқушылардың ойлау қабілетін ынталандыру, тексеру және дамытуда күрделі мәтіндермен жұмысқа бағытталған мәселелер қозғалады. Мәтін күрделілігіне ықпал ететін факторлар, мәтін күрделілігін құрайтын элементтер талданып, оқушылармен жүргізілетін жұмыс ерекшеліктеріне назар аударылады. Соның ішінде оқу сауаттылығын дамытуда тиімді деп есептелетін сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын қолдану мәселелері талданады.

В данной статье анализируются проблемы, возникающие при работе со сложными текстами: развитие мотивации, мышления учащихся, а также сложность оценивания ответов. Определяются факторы, влияющие на сложность текста, перечисляются элементы сложности текста, уделяется внимание видам работ, развивающим внимательность чтения учащихся. Авторы предлагают использовать технологию критического мышления на уроках с целью развития функциональной грамотности учащихся.

This article raises the problems that arise when working with complex texts: the development of motivation, students' thinking, as well as the complexity of the evaluation of responses. In addition, analysis of factors affecting the complexity of the text lists the elements of complexity of the text, attention is paid to work, developing a careful reading of the students. The authors propose to use the technology of critical thinking in the classroom in order to develop functional literacy of students.

ТҮЙІНДІ СӨЗДЕР: *флешбэктер, лексика, модельдеу, оқырмандық дағды, сыни ойлау, оқу сауаттылығы*

Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты – білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Бүгінгі таңда білім беру ісі жоғары білімді, ізденісті, жаңа технологияларды білуді, қолдануды қажет етеді. Оқытудың тиімді әдістері мен формалары білім арқылы табысқа жетуді, алған білімдерін оқуда, өмірде қолдана білуді қамтамасыз ететін қисынды, сыни тұрғыдан ойлау үшін енгізіледі. Жалпы оқыту әдістері мен формаларын жаңарту мұғалім мен оқушының арасында серіктестік, достық, сенімділік қарым-қатынасын туғызады. Сондай технологияның бірі – ойлау және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы болып табылады. Бұл технологияның авторлары төмендегідей анықтама береді: «Сыни ойлау деген зерттеу әдісін пайдалану және білімге құмарлықты көрсету дегенді білдіреді. Сыни тұрғыда ойлауда фактілерге қанағаттанбай, оның себебі мен салдарын ашып, көп деңгейде жұмыс жасалады. Сыни ойлау сипаты шұбалану мен жалпы қабылданған шындыққа күдікпен қарау, белгілі бір сұраққа өз көзқарасыңды қалыптастыру және сол көзқарасты логикалық дәлелмен қорғау қабілеті. Сыни ойлау оппоненттің дәлеліне және оның логикалық мәнін ұғынуға көңіл аударады. Сыни ойлау жеке дағды мен іскерлік емес, көптеген іскерліктің үйлестірілуі» [1;19].

«Оқу және жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясын іс-тәжірибемізде 2000 жылдардан бастап пайдаланып, көптеген нәтижелерге қол жеткізіп келеміз. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы оқушылардың алған білімін, оқып-білгенін

өмірде пайдалануына әсері мол, берер нәтижесі ерекше. Оның дәстүрлі оқыту әдістерінен ерекшеліктері бар, атап айтқанда:

- 1) оқушы танымының дамуына оң әсері;
- 2) оқушы мен мұғалім арасындағы жауапкершілік;
- 3) оқушы белсенділігі;
- 4) оқушының өздігінен ойлануы;
- 5) оқушы ізденісінің артуы.

Бұл еліміз үшін маңызды болып табылатын оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жағдайында маңызды болмақ. Тұлғаның ең басты сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы функционалды сауаттылықтың көрсеткіштері болып табылады.

Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады [2].

PISA бағдарламасы бағалаудың басқа жүйелерінен ерекшеленетін белгілі бір мақсаттарға ие. Осы мақсаттарды түсінуде мұғалім оқыту мен сабақ әдістері мен тәсілдеріне өзгерістер енгізуі, білімдерін дамытуы қажет. Осы қызметте PISA мәтіндерін түсіну үшін, жұмыс жасай білу үшін өз сабақтарында оқушыларды дайындай алатын түрлі технологияларды пайдалануы шарт. Сондай технологиялардың бірі – оқу және жазу арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту технологиясы. Сауатты оқудың жалпы ережелері сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының негізгі ұстанымдары: топтық жұмысқа, еркін ойлауға, жазбаша, ауызша ой алмасуға, мәтін мәнін ашуға, автор іріктеген сөздер мен сөз тіркестерінде жатқан ұғымдарды түсінуге, әрекеттестікке негізделеді. Оқу сауаттылығы түсініп оқудан басталып, сөздер мағынасына, грамматика және тілдік, мәтіндік құрылымдарға талдау жасауды қамтиды. «Сауаттылық» терминін жазба немесе баспа ақпаратын алу үшін, хабарлау үшін пайдаланылатын құрал мағынасында түсіну қажет. Яғни әр түрлі жағдайларға, әр түрлі мақсаттарға сәйкес оқудың белсенді, мақсатты және қызметтік қолданысы айқындалады. PISA бағдарламасы оқушы ойының кең спектрін бағалайды, ол оқудың білім беру мақсаттарына тәуелсіздігін, қоғамдағы экономикалық және жеке өмірге қатысу үшін маңызды болатынын көрсетеді. Оқу сауаттылығы бойынша бұл бағдарламаның негізгі мақсаттарының бірі – оқушылар мектеп аясында және мектептен тыс уақытта нені оқитынын, қандай мақсатпен оқитынын кең ауқымда қамтуды қарастыратындықтан, мұғалімдер осы мәселелерді зерттегені, оны қолданыстағы оқу бағдарламаларымен байланыстырып, салыстыру жасаулары маңызды болмақ. Оқумен байланысты дағдылар, көзқарастар, қызығушылықтар оқушылардың оқу дағдыларының деңгейімен тығыз байланысты болады. «Сауаттылық» ұғымы балалық шақта, мектептегі оқудың бастауыш кезеңдерінде пайда болған қабілеттілік ретінде қарастырылмауы керек. Ол осы бастапқы білімдердің негізінде өмір бойы өзара әрекеттестік негізінде құрылатын, ұдайы кеңейіп отыратын білімдер, дағдылар жиынтығы ретінде қаралады [3; 7].

Қазақ тілі мен орыс тілі сабақтарында сын тұрғысынан ойлауды дамыта отырып, оқытуда оқушылардың өз бетінше оқып, ізденіп, негізгі мәселелерді анықтап, тұжырымдап, мәселелерді шеше білуіне, пікірталас жүргізуіне, өз көзқарасын топтың алдында жеткізуіне үйрету қажет. Ол үшін оқушылардың мұқият оқу дағдыларын дамыту қажеттігі көрінеді. Мұқият оқу – оқу сауаттылығының басты ұстанымы. Ол нақты деректерді бағалаумен, белгілі мақсат қойып оқумен, қайталап оқумен, мәтін және дереккөздің құрылымын ескерумен, жазушының көркемдеу құралдарын таңдау ерекшеліктерін ескерумен, автор мақсатын анықтаумен, сюжеттің даму кезеңдерін анықтаумен, композициялық құрылымды анықтаумен бағаланады. Бұл оқу дағдылары күнделікті сабақтарға енгізіліп, әр кез қолдануға тиіс дағдылар ретінде айқындалуы керек. Яғни олар жекелеп емес, мерзімдік тапсырмаларды орындау шеңберінде үйретіледі. Сонда ғана оқушылар зерттеу жұмыстарын жазуға, конференцияларға қатысуға



мүмкіндік алады. Ұжыммен, топпен, жеке жұмыс жасауға үйренеді. Оқушылар мен мұғалім арасында тығыз байланыс, бірлескен жұмыс жүреді. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, ынта-ықыласы оянады. Олай болса, мұқият оқуды оқушыларға мәтінді сыни тұрғыдан ойлауға мүмкіндік беретін тапсырмалар ауқымы деп тұжырымдауға болады. Бұл мәселе оқушыларды PISA емтиханына дайындауда көмек болады. Оқушылар емтихан кезінде күрделі мәтіндермен жұмыс істей отырып, осы дағдыларды қолдана алады. Оқушылар өздерінің түсініктерін тереңдеткісі келген жағдайда қайталап оқуды үйренеді. Олар мәтіннен алынған фактілер негізіндегі сұрақтарға ынтамен жауап бере алады.

Оқушыларды мәтіндерді мұқият оқуға ынталандыратын сұрақтар мен тапсырмаларды дұрыс құрау қажет, күрделі мәтіндерді меңгеруге көмектесу қажет. Мәтін негізіндегі сұрақтарға назар аударып көрелік:

- Мәтін негізіндегі сұрақтардың мақсаты – оқушылардың ойларын мәтіндегі маңызды нәрсеге аудару (ақпарат, стиль, құрылым, басқа мәтіндермен байланысы);
- Мәтін негізіндегі сұрақтар оқушылардан мәтіннің кейбір бөліктерін қайталап оқуды және мәтіннің үзінділерін пайдалануды талап етеді.
- Мәтін негізіндегі сұрақтар оқушыларды мәтінді терең талдауға ынталандыруы тиіс. Мұғалім оқушылардан өз қорытындыларын жасауды немесе мәтінде жоқ ақпаратты, идеяларды шығаруды талап етеді. Оқушылар мұғалім сұрағына жауап беретін тірек ойды мәтіннен анықтай алады.

Бұл іс-шараларға әрбір оқушы өз еркімен, қызығушылығымен қатысады. Оқушылар жан-жақты ақпараттарды іздеп, зерделейді, өз көзқарастары тұрғысынан оған талдау жасап, бағалай біледі.

Мұғалімдер мәтін күрделілігіне назар аударуы қажет. Күрделі мәтінді игеруде сұрақ-тапсырмаларды дұрыс құра білу маңызды болмақ. Мәтін күрделілігіне ықпал ететін факторларды талдап көрелік:

- Идеялардың күрделілігі: кейбір жағдайларда лексика, сөйлемдер құрылымы, мәтін композициясы, күрделілікпен байланысты басқа да факторлар оқушылардың мәтінді игеруіне қиындықтар туғызады. Даму, жеке тәжірибе, когнитивтік факторлар оқушылардың мәтіндегі ойларды түсіну қабілетіне әсер етеді. Оқушыларға көмектесу үшін мәтінге қатысты негізгі сұрақтарға мұғалім жауап іздеуі керек. Мәселен, «Оқырман Х туралы не біледі? Осы сипаттауға қарағанда Х нені білдіруі мүмкін?», т.с.с.

- Мәтін композициясы: ойлар түрлі әдіспен берілуі мүмкін. Кейбір мәтіндегі ойлар түсінуді қиындатады. Баяндау мәтіндерінде флешбэктерді пайдалану арқылы мәтінді күрделендіре түсу жүзеге асырылады. Ал ақпараттық мәтінде себеп-салдар, шешімдерді салыстыру, шешу сияқты конструкциялар болуы мүмкін. Бұл жағдайда төмендегі сұрақтарға жауап іздеу мұғалімге көмек болады: «Автор қандай тәсілдерді пайдаланады? Алғашқы сөйлемдерде Х ақпаратты қалай нығайтады?», т.с.с.

